



Л.2005
3428 К

МУХТАР МАФАУИН

Кумырска
-Кыргын



МҰХТАР МАҒАУИИ



Әңгімелер
кітабы



“АУДАРМА” БАСПАСЫ
АСТАНА — 2004

ББК 84 Қаз 7-41

М 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Мағауин М.

М 12 Құмырсқа-қырғын. Әңгімелер кітабы.
Астана: Аударма, 2004. — 352 бет.

ISBN 9965-18-122-5

Қазақстан Мемлекеттік және Халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлықтарының иегері, көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің бұл кітабына соңғы жылдары жазылған әңгімелері, баспасөз бетінде жарияланған сұхбат, мақалалары, тарихқа катысты ой-толғаулары топтастырылды.

«Тағдыр жазуы», «Қуыршақ» әңгімелері жазушының шеберлігін танытса, әдемі астармен жазылған, негізгі идеясы — ұлттың бірлігін аңсайтын «Құмырсқа-қырғын» әңгімесінен оқырманның алары аз емес.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.


М $\frac{4803250201-134}{480(05)-04}$

ББК 84 Қаз 7-41

ISBN 9965-18-122-5

© Мағауин М., 2004.
© “Аударма” баспасы, 2004.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ





ҚЫЛМЫС

Белгілі, белгілі емес, атақты, жай ғана атақты емес, даңқты сілімтік Подоноктың әкесі — аяулы азамат, дарынды ғалым, ең бастысы — ұлтшыл қазақ Алпамыстың қайғылы қазаға қалайша ұшыраған кебін арада тура қырық жыл өткен соң, осы жақында ғана, кездейсоқта естідім. Естідім де пұшайман болдым. Әуелде — аяныш, содан соң — дағдарыс, ақыры — таба... емес, ыза. Кейінгі бір жылдарда жалпы жұртты қайран қалдырған, қаншама реніш тудырған келеңсіз іс, қатардағы келеңсіз емес, жатқа мазақ, ұлтқа масқара қарабеттік — Алпамыстың соңғы, ақымақ, әумесер, әрі ғапыл ісінің заңды нәтижесі екенін аңдағанда... бұдан қаншама заман бұрын, қапала өтіп кеткен аруақты көрден сүйрей-сілкіп тұрғызып, қатаал жауапқа тартқан келеді екен. Өйткені, ұлтқа қарсы қылмыс — кешіусіз, ешқашан ескірмейді.

Алпамыс — зорлықшыл отарлық заманда жарқыран шыққан өзгеше жұлдыз еді. Орта мекенті қазағынан өрлеп көп Қызылжарда бітіріп, Ленинград университетінің шығыстану факультеті, парсы бөліміне түседі. Бірден-ақ үздік дарынын танытқан. Университеттен соң — аспирантура. Жиырма бес жасында — ғылым кандидаты, икемес тарихнамасындағы Қазақстан туралы монография авторы. Еңбек қорғаған, кітабы басылаған Ленинградта, биік дәрежелі ғылыми ортада қала берсе керек еді. Бірақ студент кезінде сүйіп қосылған келіншегі Мара (қазан, Алматыны аңсайды да тұрады. Әкесі үлкен қызметте еді, төрт ұлдың ортасында ерке өскен жалғыз қыз. Көпемі. Келе сала үй алады, бірден-ақ Тарих институтына ана ғылыми қызметкер болып орналасады. Арада жарым жыл өтпей — бөлім бастығы. Небәрі жиырма алты жаста.

Апай-топай кірісіп кегіпті. Қазіргі қалыптасқан теріс танымды қиратып, бүкіл тарихты қайта жасау керек екен. Әрине, аргы тарих. Араб, парсы, шағатай тілдерінде әлі ашылмаған, қаншама соны деректер тұнып жатыр. Кейбір үзіктері ағылшын, неміске аударылған, орыста мүлде жоқ. Қайда не барын толық айғақтап, түпнұсқа бойынша түгел зерделеп, көшірмесін алып, тәржімалап, баспаға шығару керек. Осы негізде мүлде тың көзқарасқа бастайтын зерттеу еңбектер жазылуға тиіс.

Жинақтап, көшірмелеп, тәржімалап жатты. Зерделеп, зерттеп жатты. Жалғыз өзі ғана емес. Университетте қатарлас оқыған, тегі басқа болса да ұғым, танымы түзу тағы бір жас ғалымдарды шақыртқан. Араб, парсы ғана емес. Қытай тілі мен тарихының мамандары. Олар тіпті терең — бүгінгі жыл санаудың арғы жағынан тамыр тарта бастаған. Көп ұзамай-ақ, жаңашыл жастар ежелгі қазақ тарихын әйгілеген әуелгі ортақ жинақтарын дайындап үлгерді. Бұл — небәрі бағдарлама десті. Әлбетте, бәрі де Алпамысты пір тұтатын. Шынында да, бар істің үйтқысы. Және екпіні қатты. Бпiк мәртебелi қайып атаның құдыретi дескен көлденең жұрт. Бірақ жас жігіттің жарқылдап тұрған өзгеше білігі мен дарынын да, қайтпас мінезі мен талмас қажырын да ешкім терістей алмас еді.

Міне, осы кезде, әуелде Ғылыми-зерттеу институты — төрт қабырға ішінде басталған күңкіл — домалақ, қиық, тілік арыздарға айналып, КГБ — Қауіпсіздік мекемесі мен ЦК — Орталық Партия Комитетіне де жетіп еді. Ойбай! Аттан! Айтақ!.. Академияның Тарих институтын ұлтшылдар жайлап алышты! Қалыптасқан кеңестік қазақ тарихын теріске бұрып, баяғы панисламистік, пантүркістік, оны аз десеніз, ұлы-хандық негіз, көзқарастағы жалған тарих жасамақ! Аттан аяғы қатал тексеріске, одан дабыр-дүбырға айналып, ақыры пыш-пышпен тәмамдалды. Көпшілік жұрт тағы да қолы ұзын қайын атаға сілтеген. Онысы рас еді. Жартылай ғана. Мәртебелі кісі тарихты емес, күйеу баласын қорғаған. Қорғаған жоқ, жалалы хаттардың өрісін шектеді. Шынында да, арнайы құрылған, кейбір мүшелері Мәскеуден шақырылған білікті комиссия қандай да бір антикеңестік құпия ұйым елесін байқамады. Ұлтшыл, панисламист, пантүркіст, қытайшыл толтың ішінде жалғыз-ақ қазақ бар екен, қытай баласы атымен

жоқ, қалғандары — жойыт болар, неміс болар, әйтеуір паспорттары түгел орыс және бәрі де нақты бір тарихи құжат, әдебиет, қолжазбалар бойынша ғана зерттеу жасап жатқан көрінеді; барлығы да Мәскеу, Ленинградтан бітірген, пәленбай, түгенбай деген атақты ғалымдардың тәрбие мектебінен өткен жас жігіттер, осы ежелгі мұрадағы қажетті деректерді маркстік-лениндік көзқарас, таптық таным тұрғысынан мұқият қарастырып, сын көзімен екшеп, қажеттерін ғана алады екен. Тарих қайта жасалмайды, тереңдейді, КОКП-тың кешегі пәленбайыңшы съезінің дана шешімдерінің ғылым-білімді дамыту туралы тармақтарына сәйкес. Рас, адал коммунистер, яғни осы институтта бар ғұмырын түгескен ақсақал, қарасақал ғалымдар әділін айтқандай, Ежелгі тарих бөлімі тым далилып кеткен, жаңа ғана атақ алған жастардың бір ғана бағытта жұмыс атқарып жатқаны да анық, ендеше, тиесілі қорытындылар жасалуы керек. Жасалды. Атаулы бөлім тарылды, екі-үш жігіт басқа тараптағы басқа бөлімге ауысты, дайын тұрған ғылыми жинақ мұқият тексерілетін болды, Алпамыстың әуелгі монографиясының толықтырылған жаңа басылымы кейінге ысырылды. Бірақ жұмыс тоқталмаған. Тек жастар сақтық керегін, дабырасыз іс қана пәле-жаладан қақас қалдырарын аңдаған.

Қайын атамен арадағы оңаша, жанашыр, бірақ анық әңгімеден соң Алпамыс та, арыны басылмағанмен, байсал тартып еді. Табаңды, ауыр, ұзақ, бәлкім, бүкіл ғұмырға созылған, аяусыз күрес қана мұратқа жеткізерін ұққан. Жетем деп ойлады. Сенімі мол еді. Жай ғана сенім емес, берік негіз. Қажыр мен қайрат. Бар ісін жаңадан құрды. Ғылыми Кеңесте бекітілген жоспарлы жұмыс бейкүнә кейіпте, әдепкі зерттеу қатарында. Ал негізгі шаруа — жасырын болмаса да, жалпыға жариядан тыс. Ғылыми зерделеу өз алдына, қазаққа қатысты бүкіл ескілікті тарихнаманы түгел жинақтап, әуелі халықаралық орыс тіліне тәржімалап, әлденеше том етіп бастырып шығару қажет. Яғни, даусыз, нақты деректер бүкіл-әлемдік ғылыми айналымға түседі. Бұдан соңғысы — уақыт ағымына ғана байланысты. Ешкім де тоқтата алмайды.

Қасындағы серіктері де осы жолға бас қойған. Әлемдік қоймаларға әр тараптан қол созылды. Тақау төңіректегі білгір де ойлы оқымыстылармен байланыс орнатылды.

Қайда не жатқаны анықталып, енді нақты жұмыс қалыпқа түсуге керек еді. Жаппай болмаса да, жекелеген тарапта жаңалық нышандары бой көрсетті.

Әлбетте, оңай ештеңе жоқ. Бірақ тамшының өзі тас теседі. Ал біздің Алпамыс бастаған іс — тамшы емес, тасқынға айналмақ. Тасқын болмаса да, тоқтаусыз серпін. Алғашқы үлкен нәтиже — екі, үш жылдан соң. Рас, қаражат аз, қол қысқа, жүріс-тұрыс шектеулі. Бес жыл болсын. Одан ары тағы қаншама шаруа. Ақыр түбі сәтіммен бітері сөзсіз. Оның үстіне, заман өзгеруге тиіс. Төрт аяқ бірдей тұсаусыз еркіндік туа қоймас. Бірақ ұзын арқанға жетеміз деп ойлады. Бүкіл дүние кеңіп жатқанда кеңестік аймақ та бүгінгі құрыс-тырыс қалпында қалуға мүмкін емес-ті. Әлем тарихын, адамзат қоғамының даму жолдарын жақсы білетін Алпамыс бұған нық сенген. Бәрі өзгереді.

Шынында да өзгерді. Және көп ұзамай, сол жылы жазда. Мүлде басқа тарапқа.

Алпамыстың келіншегі — қалада туып, қалада өскен қыз еді. Қазақшылығы кем болса да, қазақшасы тәуір (әжесі бағыпты). Адал, аңғал. Кірпияз, таза. Ақылсыз емес, тек ұлттық санадан мақұрым. Кеңестік ірі шенеуніктің шаңырағындағы тәрбиеден бе, бүкіл таным, ындынымен кеңесшіл. Орысшыл. Алпамыс әуел танысып, қыз бен жігіт ретінде жүре бастаған кезінен, саяси дәріс өткізбесе де, біраз мәселеге көзін ашқан. Әйткенмен, қазақтың бүгінгі кемшін жағдайы туралы әңгіме көңіліне қона қоймапты. Бұрын — сорлы болған, енді кеңестің, орыстың арқасында мәдениетке, теңдікке, прогреске жеткен деген коммунистік қағида шайқалса да, біржола бұзылмапты. Тіпті, кейін, үйленіп, Алматыға оралып, әрқилы адамдармен араласқан кезінің өзінде, бар қазаққа болмаса да, ауылдан келіп, шаһарда оқып, орныққан жұрт туралы астам пікірін аңдатып қалатын. Қайткенде де, қызмет орайында, басқадай қатынас-құраласта өзі сияқты шалағай қазақтарға бейім тұратын. Алпамыс күледі де қояды. Ал үйдегі артық-ауыс мінезін — еркелікке, тұрмыстағы орысшылдығын — қазіргі заман, еуропалық үрдіске телітін. Ең бастысы — қойны ыстық келіншегінің тым жақсы көруші еді.

Мәскеуде туып, нағашыларының қолына берілген, бұлар оқу бітіріп оралған соң екі үйдің ортасында жүр-

ген кішкентай ұлдың тәрбиесіне мұрша жетпеген. Тілінің орысша шығуы, мінез-құлқының да өзгеше көрінуі уақытша ғана ауытқу саналған. Ойша мәні бермейтін. Аз-маз ес біліп, мектепті жағаласып, көп ұзамай шындығы айналыспақ. Бір баланы қарауға жетпей жүргенде екінші бала туралы ой келген емес. Оның баласы да, болашағы да ғылымда тұрған.

Ал күнделікті, пенделік қызығы — әдемі келіпшегінде. Аптасына бір күн — демалыс та осы жалғыз жарының еркінде. Әкелерінің, яғни ата-енесінің ордасында, немесе солармен бірге тағы бір лауазымды ағайын-таныстардың үйінде қонақта, немесе екеуден-екеу кинода, театрда, тіпті, мейрамханада отырар еді. Әйелдің ғана көңілін ауламайсың, өзің де тышыс. Сондықтан, күн қызып, су жылынған шақта іргедегі Қапшағайға барып, шомылып қайтайық деген сөзді мақұл көрді. Алматыға аяқ басқанда әкелері пәтер кілтімен қоса алдарына тартқан көк "Волгамен" іледен іркілген үлкен тоспа — айдын көлге күн көтеріле жетіп еді. Бірге бармақ тағы екі жүп өртүрлі жағдаймен шыға алмай қалған соң, өздері ғана.

Әуелі тауды жарып, бөген үстінен тақауда ғана салынған, ұзын, әйдік көпірмен арғы бетке өтті. Төңірек түгел өзгеше. Жолмен қатарласа, ойыла тілінген сары топырақтың жиегіне шашырай шыққан, үздік-создық қырмызы қызғалдақтар, белесті қыратты қаптай өскен, түрлене найқалған, бұрқыраған боз жусан ғана емес. Жаңадан тартылған жалпақ әрі түзу, теп-тегіс, тап-таза, қарасұр асфальт жол мен қойнауы қақ айырылып, арбағай-сарбағай ашылған қожыр-күрең тастарға дейін. Кең далаға шыққан соң көкірегі кеңіген, көңілі хош Алпамыс қырға көтеріле сала оңға — етектегі, бозғыл көк түспен толықси жарқырап жатқан көлге қарай бұрылып еді, әлде уәделескен серіктердің аяқ астынан айнығаны, әлде түндегі кең отырыс, кештеткен қонақтан соңғы шала ұйқы, әйтеуір бұйығып, бей-жай маужыраған келіншегі Мара оқыс көңілденіп, сақылдап күлді: "Қайда барасың?" "Көлге қарай, — деді Алпамыс жүрісін тежеп. — Қапшағайға". "Міне, Қапшағай, — деді Мара. — Ұзыны жетпіс шақырым". Енді Алпамыс та күлді. "Сонда... қай тұсқа?" "Білмейсің бе?" "Қайдан білем... Бұрын келгем жоқ". "Мен де келгем жоқ, — деді Мара жымынып. — Кешегілер айтты

гой, — деді сосын. — Жоғары өрлейік..." Кешегілер, яғни бірігіп шықпақ серіктер есіне түсті ме, қайтадан бұйықты. Ренжітін жөні бар. Бастап көтерген де солар болатын. Енді амал жоқ. Қым-қиғаш жам жолмен шаңдатып, белестен-белес асып, жоғары өрледі. Тым жоғары.

Оңаша бір қолтыққа тоқтаған. Мүлде иен емес, әрине. Әудем жерде әлдебіреулер қалбаңдайды. Төртқырлы кенеп шатыр тігіп тастапты. Тым орнықты. Бәлкім, осында түнеп шыққан. Одан ары да, мына төменгі бетте де қараңқұраң. Бұлар да, құмға төне, майда топырақ, жатаған жусапды беткейден еңкейе бере қаңтарылған машинадан барын түсірді. Бары — түкті әдиал, жеңіл жайма, кәдімгі қолшатыр, содан соң, әрине, азғана тамақ, мол сусын. Алпамыс арнайы ала келген төрт таяғын құмға шаншып, бұрыштай байланған жайманы үстінен керіп, шамалы көлеңке жасады, Мәскеуге келесі барғанда қоймай іздеп тауып, қалбағай шатыр әкелем деп қояды; астына қалың әдиал төседі, әзірше құм сыздауыт көрінді; бас жаққа сусын, тамақ қойылды; бұдан кейін екеуі кезектесе машинаға барып, киімдерін ауыстырып, жеңіл шомылғымен ойнақтап шыға берді.

Бар денелері пердеден ашылған соң, әуелгі, бірін-бірі жана көрген, алғаш рет мейірлене сұқтанған қыз бен жігіттей, жағада тұрған қалпы аймаласа сүйісіп, мәз болысқан. Содан соң суға қарай аттады. Алыс айдынын жұқалтаң, бозғыл бу тұтқан, көз жасындай мөлдір, аспандай тұнық су — сұйық әрі салқын екен. Жалдай бере кейін шықты. Тітіркенген — Мара болатын. Денесі су тілеп тұрса да, Алпамыс ары қарай жүрмеді. Екеуі жас балаша жағада ойнап кеткен. Майда толқын тапаған бұйра құмды қуалай, су жиегімен жүгірісті. Бірі қашып, бірі қуып, жеткені асыла құшақтап, құмға құласты. Тағы да бірін-бірі аймалап, кезек өбісіп, дәл бүгін үйде қалмағанға, осы, күн көтерілген, сәскеге тақаған, түс ауған кезге дейін төсекте жатпағандарына өкініш айтысты. Кешке жетсек, енді қайтып құшағымыз жазылмайды десті. Көлге келгеніміз жақсы болды, алдағы тамызда Қара теңізге кеткенге дейін, жексенбі сайын осында болайық десті. Ақыры, сүйгенінің құшағынан сытылып шыққан қыз, секіре жүгірген беті тізеге дейін жалдап, оқыс бұрылды да, соңынан жеткен жігітке қос қолдай су шашты. Жігіт

те қарап қалған жоқ. Салқын су үстіне жаңбырдай құйылған қыз желіде тулаған құлындай қышқырды. Жігіт сақылдап күлді. Екеуі де тітіркене шалпылдасып, қарсы жүрді, ақыры, бетпе-бет келгенде жігіт қызды бар денесімен қапсыра құшақтаған. Құшақтаған қалпы, белінен орай көтеріп алып, тура тереңге тартты. Су кеудеге тақаған кезде әлі де екі аяғын сермелеп, аққайрандай тыпырлап жатқан қызды "Ал, енді лақтырам!" — деп, жоғары көтере бере, кенет бойынан әл кеткендей, құшағын жазбаған қалпы, оқыс шомды. Күресе, күлісе көтеріліп, үстерінен салқын су сорғалаған күйі, бірінен-бірі жылу, ыстық іздегендей, қайтадан қауышқан. Бұдан соң екеуі қатар малтып, жүзе жүріп жаңбыр шашысын, қақ ойнап ілгерінді-кейінді қуаласып, сүңгіп, су астында өбісіп, су бетінде қайтадан құшақтаса айқайласып, мәз болысқан. "Су тамаша!" — деген Мара. "Сен тамашасың!" — деген Алпамыс. "Мен де, Сен де, Су да!.." — деген Мара. Содан соң екеуі бірдей: "Апта аяғында екі күн қатарынан келеміз, екі ай бойы келеміз!" — дескен. Қаншама қызықтан құр қалды деп, тауансыз достарын мүсіркей еске алған. Сөйтіп, әжептәуір ұзаққа созылған бір дүркін ойынан соң жағаға шықты. Қыз суртінді, жігіт әлі еркін қызбаса да, жылуы мол құмға аунады. Содан соң шатыр астындағы төсенішті күн көзіне шығарып, дастарқан қамдасқан. Кешегі мол қонақасыдан сарқыт. Туралған қазы, қарға, жапырақ ет, добалдай тоқпақ жіліктің бітеу басы, бауырсақ, тәтті-мәтті, көкір-шүкір. Арақ-шарап қана жоқ. Біздің жігіт қонақта, көпшілік ортасында сыпайылық үшін дәм татқанымен, мүлде дерлік ішпейтін еді. Қыздың, яғни келіншегінің де әуестігі кем. Оның есесіне сусын мол — лимонад, шырын, арасан. Екеуі де тәбеттері ашылып, көңілдері көтеріліп, көл жағасы, таза ауадағы өзгене дастарқанға қол созып еді.

Күтпеген көршілер де осы кезде жетті. Күтпегенде — көл көпке ортақ, көз жетер төңірек түгел қарақұрымдана бастаған, бұлардан әудем жерде тағы біреулер — бұрынғырақ келгені, кейіннен қосылғаны бар, әжептәуір жан, ал мына жаңа көршілер мінбелей, өндірішектей жетін еді. Төбесі дүңкиген сүр "Победа" екпіндей емінген қалпы көлденең белестен шаң үйіре зулап, тұпа-тура суға түсердей арылдап келіп, құмды тіле тоқтады. Дабырлай

ақтарылған бесеу — суропа-текті екі еркек, үш әйел, желқомдарын арқалап, дорбаларын сүйретіп, біздің кісілерді тапап кетердей тік келді де, төне бере сәл қиысып, дәл іргеге, бірер құлаш аралықты әрең қалдырып, жапырлай қонған. Бүкіл жағалау бос жатыр. Сонда да жер жетпегендей. Біз келдік, енді кетіндер, ығысындар, көлшіңдер деген өктемдік анық байқалған. Әйелі де, еркегі де қырықтың ар жақ, бер жағындағы, талай өткелектен өткен, шыныққан, қайратты қауым.

"Балалар, — деді Мара қала қызына тән тура жүз, ашық дауыспен, әрине, орысша, "Ребята..." — Жер көп, кеңінен отырсаңыздар жақсы болар еді!". "Сен немене, осы жердің бәрін сатып алып па едің?" — деді белі мен бөксесі бітеу, саржағал қатын. "Жер жетпесе, өздерің арырақ барып отырыңдар!" — деді екінші, тапалтақ, қысқа шаш. "Тіпті, қайта берулеріңе де рұқсат!" — деді үшінші, тыржиған арығы. Мұндай бетсіз дәкірлік күтпеген Мара тосылып қалып еді. Теріс қарап отырған Алпамыс сонда ғана мойын бүрды. Бейбастақ бесеудің әрқайсысын жеке-жеке байыптады. Әйелдерді шамалаған соң еркектерге көз тоқтатып еді. Кекесінмен, арбай қараған. "Ал, жігіттер ("мужики"), — деген. — Сендер не қосасындар?" Екі жігіт, бірі дембелше, жуан жұдырық, екіншісі сида, сіңірлі, — бұл кезде көйлек, шалбарларын сыпырып тастап, іштен киіп келген, бұт арасы бұлтиған, сұрықсыз, үш елі шомылғымен ғана қалған. "Сен өз жеріңді күшпен қорғағың келетін сияқты!" — деді сіңірлі ұзынтұра, көзін сығырайта қарап. Жұдырығы түйіліп, сирағының арасы сәл-пәл ашылды. "Қорғап қана қоймаймын, айдап шығам, — деді Алпамыс жайбарақат, малдас құрып, қырындай отырған қалпы. — Тек келісіп алайық. Ереже бойынша ма, ережесіз бе... Жекелеп пе, әлде екеуің бірге шығасың ба?.." Орнынан тұрғысы келгендей, еңсесін жазып, сәл-пәл қозғалақтап, иығын кере, тік қарады. Талдырмаш болғанымен, кеуделі, бұлшықты еді. Дабырлай шулап, төсеніш төсеп, дорбаларын төңкеруге кіріскен үш қатын бірдей дағдара ашырып қалған. Алпамыс енді дембелше сарыға көз тастап еді, бет-аузы майлана жымиды. "Әй, әй, жерлес ("земляк"), — деді. — Қалжыңды түсінбейсің бе?.. Міне, бүкіл жағалау бос жатыр, бәрімізге жетеді..." — деді. Сіңірлі ілкіде басылып қалып еді. Әлде жымияған, әлде

табалаған қалыпта бет-аузын тыржитты да, суға беттеді. Жаңа еріксіз аңырған үш мәтүшке де жадырай жаншырап, дорбаларына қайтадан қол салды. Алпамыс мақұлдан баста иземеді, мипаздап жауап та қатпады. Өз дастарқанына қайтадан бұрылды; екі танауы желбіреп, жұқа еріндері дірілдей бозарып, үнсіз, қалт тынған келіншегіне қарап, көз қысып жымыған да, сырты бармақ елі сары май, жапырақ туралған жаяға шүйілді. Екі бүктеп, аузына бірақ тоғытты. Содан соң сыздықтата отырып сусын ішті. Бір демнен соң ғана түрегелген. Мараға қол созып, көтере тұрғызып алды. Екеуі қайтадан суға беттеді.

Бұл жолғы ойын әуелгідей көңілді болмап еді. "Сен немене, екеуімен бірдей төбелеске шығам деп ойладың ба? Бокстан, немесе самбодан чемпион емессің ғой..." — деді Мара көзі жапақтап. "Менің бокстан, самбодан, немесе әзірше Кеңеске жетпей жатқан каратэ мен джиуджитсудан чемпион емесімді сен білесің, — деді Алпамыс жадырай күліп. — Ал олар дәл солай ойлап қалды. — Тағы да күлген. — Оның үстіне, биік мәртебелі бегім, мен асыл текті ақ расаның, оның ішінде даңқты славян нәсілінің мінез-құлқын жақсы білем. Олар қара күш, дөкір зорлықты ғана мойындайды. Қорыққанын ғана сыйлайды. Сенің мәрттігің, кісілігің — көк тиын. Құрмет көрсетсең — жағынғаның, сияпат танытсаң — әлсіздігің. Қазір біздің жазушылар да, басқалар да мақтанып жүрген қазақы қонақжайлық — төменгі нәсілдің билеуші нәсілге құлдық ұруы деп қана біледі. Бұлардың бәрі де шовинизм дертімен уланған сырқат. Тақаудағы тоқсан жылда түзелмейді. Солай, балақан. Сендер насихаттап жатқан интернационализм — ұлттардың теңдігі, бауырластығы емес, кішінің үлкенге кіріптарлығы". "Қойшы, бәрі бірдей жаман емес, кішкентай кезімнен көріп келем ғой. Папаммен бірге істейтін, үй-ішімізбен араласы қаншама..." "Сенің папаян — генерал, — деді Алпамыс. — Ал оның сен айтып отырған дос-жарандары — тең дәрежелі әріптес, немесе қарауындағы қызметкер. Амалсыздан дос. Мәселен, кеше бірге болған полковник..." "Петров, — деді Мара күліп. — Дядя Саша — менің кіндік әкем... Папам капитан болғанда лейтенант екен. Баяғыдан, отыз жыл бойы бірге істен келеді..." "Міне, көрдің бе, — деді Алпамыс. — Біздің әкеміз отыз жыл бойы сүйреп келеді. Енді өз орнын беруі ғана

қалды. Жек көреді!" — деді сосын Мараға тіке қарап. "Не үшін? Жақсылық жасап, сонша сүйрегені үшін бе?" "Иә. Ең алдымен, жақсылық жасап, сонша сүйрегені үшін. Ұлы орыс бола тұра, әлдебір қара қазаққа борыштар екенмін деп ойлаудың өзі — ауыр салмақ. Хош. Негізінде, жақсылық жасаған, тым қатты қолдаған қамқоршысын жек көру — жалпы адам баласына, жұмыр басты пендеге тән ахуал, әрине, сирек те болса мәрт адамдар ұшырасады. Бірақ бұл жерде әңгіме басқада. Ол — орыс, билеуші нәсіл, біз — қазақ, бағынышты тобыр. Орыстың иті өзін қазақтың арыстанынан артықпын деп санайды. Қызметтен өссе — ерекше еңбегі. Осы бір... қазақ болмаса, сол алдымда тұрмаса, бұдан да үлкен мансапқа жетер едім деп ойлайды. Қазақ болғандықтан, сол қазақтың қарауында отырғандықтан жек көреді. Мен бұларды жақсы білем, полковнигінен тракторшысына дейін. "Тың көтеру" деп, үстімізден тонандай төккенде мен оныншы класта оқитын едім... Не істемеді... Одан бұрынғысы, соңғысы... Енді не болады... — білмеймін. Қайткенде де мүлде құрып кетпеспіз деп ойлаймын. Қазіргі Қазақстан шегіндегі үш миллион қазақ — аз халық емес. Өседі, өнеді, көбейеді. Бәлкім, бір кезде біз де... Сары-Арқадан айрылды. Басқа тарап та тарылды. Ендігі үміт — Оңтүстік пен Батыс қана. Өміріміз үзілмесе, ұрпаққа ұрпақ жалғасады. Мәңгілік империя жоқ. Кім біледі, "Ұлы Октябрь революциясының" жүз жылдығы қарсаңында, жоқ, одан әрірек, келер ғасырдың ортасында біз де еркін ел болып шыға келерміз. Ұқтың ба, балақан?" "Жоқ, — деді Мара. — Ұқсам да сене алмаймын. Дүние өзгерсін дегенге. Қазаққа дербестік қажет дегенге. Мүмкін емес. Ертең осы сөзді ұлына айтасың. Құлағына сінеді. Ол да сен сияқты түзелмейтін ұлтшыл болып шығар. Содан соң... бәлкім, сенің соңыңнан Сібірге кетер..." Алпамыс зорлана күлді. Қауіпсіздік генералының қызы айтатын сөз емес. "Айдасаң айда Сібірге, — Сібір де менің өз жерім!.." — депті біздің қазақтың бір ақыны..." "Түсінем. — деді Мара мұңайып. — Мен ылғи қорқып отырам. Папам екеуін саясат, қазақ туралы сөйлесе бастағанда..." "Бекер қорқасың, — деді Алпамыс. — Білесің, менің әкем отырып шыққан. Әкемнің ағасы — Алаш-Орда қайраткері, тұқым-тұяғымызды түгелге жуық кеңес жалмаған. Кіммен қалай сөйлесуді білем. Оның үстіне

мен — төңкерісшіл күрескер емеспін. Менің қаруым — ғылым..." "Сенің сол ғылымыңның өзі..." "Иә, — деді Алпамыс. — Сырттай қарағандай, тым бейбіт емес. Қазақ қазіргі кеңестік-отарлық құлдық санадан құтылуы үшін өзінің ата-бабаларының даңқты тарихын тануы керек. Біздің кім болғанымызды. Қазақ қана емес, қалған жұрт та. Билеуші нәсіл кіріптар халықты қараңғыда ұстау керегін жақсы біледі. Сондықтан да біздегі тарих ғылымына жасалған қысым өзгеше болды... Бірақ қазір заман бұрынғыдан... тәуір, оның үстіне, мен бесіктен бастап белгілі бір мектептен өткем, кісенге ілінбей-ақ кетермін деп ойлаймын..." "Менің папамды жек көресің..." — деді Мара жанарын төмен салып. "Мен әкемізді аяймын, — деді Алпамыс. — Дарынды кісі. Мінезі құрыш, жүйкесі тас. Басқа бір заман, басқа бір ортада туып-өссе, халқына пайдалы қандай тұлға болар еді..." "Қазір пайдасыз ба?" — деді Мара. "Пайдасы бұдан гөрі көбірек болар еді, — деді Алпамыс күліп. — Жүр, суға түсейік. Әйтпесе, аналар бізді ұлы орыс халқына қарсы қастандық ойластырған шұғыл кеңес өткізіп жатыр деп қалар..." "Былайырақ, басқа бір жерге көшейікші," — деді Мара тағы да, көзі жапақ етіп. Алпамыс күлді. "Қояннан бақа қорқытты дегендей... аналардың өзі бастап көшетін сияқты..." Шынында да, екі еркек әуелгі түскен шамадан сәл аулағырақта тіреуіш қадап, көлеңке жасап жатыр екен. Аздап соң төсеніп, ас-су да солай қарай жылжығаны байқалды.

Алпамыс пен Мара біраз суға түсіп, сәл-пәл салығып, әрі қарындары ашып, өз орындарына қайтып келгенде көршілер мерекелі демалыс қызығына әбден батқан екен. Жарыса, бастырмалата сөйлескен, айқайға жақын лабыр үстінде арзанқол, сасық арақты сылқытып отыр. Бұлармен аралықта, тіпті, сәл берірек, құм үстінде "Московская" дейтін, көк ала жапсырмалы, сұрықсыз екі шолмек домалап жатыр. Сыңайына қарағанда бұл — әуелгі ғана жеңіл ас сияқты. Қырлы стақандар тынымсыз соғылысып, ара-тұра екеулеп, үшеулеп құшақтасып, шалп-шалп сүйісіп, енді ғана қыза бастағандай. "Машинаға отырайық та, аулағырақ тоқтайық", — деді Мара. "Жарайды", — деді Алпамыс та ыңғайланып. Сол кезде көршілер жақтан қарлығынқы әйел даусы шықты. Саржағал екен. "Құрметті жерлестер! Мүмкін, бізбен бірер рүмке ішерсіздер?"

"Рахмет", — деді Мара. "Түсінікті, бізді менсінбейсің", — деді екінші, тыржиган арық әйел. "О не дегеніңіз, мен мүлде ішпеймін", — деді Мара сәл тосылып барып. "Ал сіз — жас жігіт, — деді саржағал. — Мына біздің мүжықтармен соғыстырып жіберіңіз. Сізді сыйлағымыз келіп тұр." "Рахмет, — деді Алпамыс та, жинай бастаған нәрселерін қайтадан жерге тастап. — Мен де ішпеуші едім." Енді манадан бері оқышырая қарап отырған екі мүжықтың бірі — ұзынсирақ сөз алды. "Жалпы ішпейсіз бе, әлде бізбен бірге..." "Жалпы ішпеймін." "Сонда немене, денсаулығың жарамай ма, әлде спорттық бабынды сақтау үшін бе..." "Ол да емес, бұл да емес. Ғадетімде жоқ." "Ішпейтін адам не сұмырай ("подлец") болады, не тыншы ("стукач") болады", — деді дембелше қабағының астынан түйіле қарап. "Дәл таптыңыз, — деді Алпамыс. — Сол себепті де менімен байқап сөйлесу керек." "Ол қалжындап тұр, — деді қысқа шаш, бұғақты, тапалтақ әйел. — Қалжындап тұрсың ғой, Вася? Солай ғой, Ваня?" "Иә, — деді ұзынтұра — әлде Вася, әлде Ваня. — Әйткенмен, әзілдейтін ештеңе жоқ. Біз достық пейіл білдірмек едік, бұл жолдас бізді менсінбей тұр..." "Сол кезде әйелдердің бірі стақанын жоғары көтеріп, әлде Васяны, әлде Ваняны мадақтап, салпылдап сөйлеп кетті. Қалғаны да ортақ дастарқанға үйірілген.

"Кеттік, — деді Мара. — Алысырақ көшіп отырайық. Немесе қайтайық." "Көшпейміз, — деді Алпамыс. — Ал қайтуға... әлі ерте. Жүр, одан да, суға түсейік."

"Әй, — деген дөкір дауыс естілді сол кезде көршілер жақтан. Дембел сары екен. — Сендер не айтып тұрсындар?"

Не айтып тұрсындар? Не айтыпты... Қапелімде екеуі де тосылып қалған.

"Қай иттің тілінде сөйлеп тұрсындар деймін? Қандай хайуанның тілінде? Орысша сөйлендер! Мүмкін сендер бізді жамандап жатқан шығарсындар? Тоқтатындар! Мен жол бермеймін!"

"Сөйлей беріндер! — деді сол кезде манағы саржағал әйел. — Тек алысырақ барып. Не айтсаңдар да өздерін білесіндер. Ал тақау жерде... көпшілік, қоғамдық орында бәрімізге түсінікті ұлы орыс тілінде сөйлеу керек!"

"Әй, шатпырақтай берсін, — деді сіңірлі ұзынтұра. — Пәленшеме, — ұлы халықтың үш әріптен тұратын мықтысын саптап айтты, — кете берсін де!.."

"Сөйлей беріңдер, өздеріңе жақса! — деді дембелше сары еркек оқыс жұмсарып, қолын сілтеп. — Тек алысырақ барып..."

"Кешірім сұраймын, — деді сіңірлі ұзынтұра. — Андау-сызда аузымнан шығып кетті. Білмей қалыппын сіздердің кім екендіктеріңізді. О-о! Үлкен адамсыздар! — Екі қолын салбырата жоғары көтеріп, буынынан қозғай бұлғалақтатып, би билеген, әлде домбыра тартқан ишарат жасап, әндете тақпақтады. — "Адна палка два струна, — Иа хазайын ыстрана!.."

Бәрі қосыла, жамырай күлісіп, қайтадан арақты дастарқанға жапырлаған.

Тәжікелесу — мәнсіз, тұра беру — сорақы. Алпамыс сәл-пәл дірілдей бастағанын аңдады. Келіншегіне көзі түсіп еді, ерні бозарып кетіпті, көзінің алдында бір тамшы жас бар екен. "Жүр, — деді иығынан қаусыра құшақтап. — Суға түсейік." Екеуі алыс айдыңға шығып кетті. Мараның жүзгіштігі шамалы еді, ал Есілде туып-өскен, көз ашқаннан Арқаның әсем көлдерінде балықша ойнаған Алпамыс кезінде университеттің, қаланың чемпионы болған, спорт шебері, бәлкім, одан да жоғары атақтарға жетер ме еді, ғылымға арналған уақытын аяп, дер кезінде тоқтаған; мана үлкен ағайындарды абдыратқан сенімді сөздің артында — ұратын, бұрайтын өзгеше бір әдіс-айла тұрмаса да, әжен-тәуір қайраты бары рас. Жаңа да екі ойлы қалыпта бөгелген. Екеуіне әлі келмесі анық. Екеуін құлатса, артында албастыдай үш әйел тұр, дүние қиындап бара жатса, тіпті, опыр-топыр басталмастан, бесеуі бірдей кірісіп кетері күмәнсіз. Және... бүгін ғана естіген сөз емес. Қазақ астанасы саналатын Алматының өзінде қоғамдық көлікте еркін жүре алмайсың. Көтермесең де көнесің. Қияли болып кетпес үшін елемеуге тырысасың. Зорлықшыл, меніреу дүлейге қарсы амал жоқ еді.

"Көрдің ғой... — деді Мараны сүйемелдей малтып, кең айдыңға шыққан, түйіртпек кейіс аз-маз тарқаған шақта, манағыдай еркін аймаласпай-ақ, су бетінде қол ұстаса, жеңіл қалқып, әсем жарастық тапқан кезде. — Бұлардан қытай жақсы. Абылай хан айтып кеткен. Екеуі де қатер, бірақ кеңшілік — қытай жақта деп. Әрине, өз заманы, ХVІІІ ғасыр тұрғысынан. Ал қазір... қазір жағдай тіпті ауыр. Дегенмен, қатар келсе, мен орысты емес, қытайды қалар

едім..." "Неге? — деді Мара анырып. — Қазір ең үлкен қауіп — Қытай деп жатыр ғой." "Орыс үшін, — деді Алпамыс. Ал бізге... бәрібір. Бәрібір емес, қытай жақсы. Қорламай өлтіреді, жалмамай жейді. Орыстар сияқты, шырқыратып, сүйегіне дейін аралап кеспей, жымия күліп отырып, сыртыңды майлайды да, қылғытып жұта салады." "Ой!..." — деді Мара әлденеден оқыс көңілденіп. "Ұқтың ғой, орыс пен қытайдың айырмасы неде екенін!?" "Неде? Бірі — ақ, бірі — сары..." "Ол — еуропаша, — деді Алпамыс. Бізше белый, яғни орыс — сары; желтый, яғни қытай — қоңыр, немесе құбақан. Бірақ негізгі айырма — онда емес. Айырма — мінез-құлықта. Менталитет дейді батыста. Және бұл — ортақ сыпат, бірер кісілік, шектеулі өрісте, тіпті, үлкен, ұлттық деңгейде ғана емес, қалыптасқан мемлекеттік тұрғыдан алғанның өзінде. Мәселен, орыс не жасаса да, басқаға зиян тұрғысынан ойлайды, ал қытай не жасаса да өзіне пайда тұрғысынан ойлайды. Ұқтың ба?" "Жоқ. Толық емес." Алпамыс күлді. "Кейін толықтырып берем. Қайтар жолда. — Тағы күлді. — Кейде өлең жазғым келеді. Көп емес, бір-ақ өлең. Сонымен тоқтар едім. Оның есесіне... бұрын-соңды ешкім жазбаған өзгеше өлең. Қытай туралы. Өлеңнің аты және алғашқы жолы — "Жер жүзін қытай басса екен!..." "Қалай-қалай?" "Жер жүзін түгел қытай қаптай басып алса. Әрине, ең алдымен біздің ұлы халықты. Небәрі жүз он төрт миллион. Бір миллиардтың ішінде, жайын жұтқан шабақтай болып кете береді ғой. Содан соң бүкіл асыл әулет — ақ нәсілді Еуропаны. Ағылшынды алшысынан, немісті тәйкесінен, француз бен испанды омпасынан, қалғандарын бүгінен, шігінен. Ең соңында, екі бүктеп, қара-ала, сары-ала Американың өзін. Алып асқазанда біріне-бірінің сорпасы қосылмай, оп-оңай қорытылып кетеді. Ғажап емес пе! Нешеме ғасыр бойы жер-жиһанды қан мен қайғыға батырған, арғы-бергідегі қаншама аталы жұртты тұқым-тұяғымен құртқан, қазір бүкіл әлемді табанына салып, дүниенің тұтқасын шыр айналдырып отырған қылмыскер нәсіл бар күнәсінен тазарып, бірі сәл-пәл бозғыл, бірі әжептәуір қоңырқай — кәдімгі, қаптаған қытай болады да шығады. Тамаша! Асқақ жыр жолдарымен ғана жеткізуге мүмкін ғаламат құбылыс! Тақаудағы екі жүз жылда жүзеге асатыны анық ақиқат!" "Сонда... сен айтып

жүрген қазақ не болады?" — деді Мара шынымен дағдарып. "Мәселенің өзі сонда ғой! — деді Алпамыс сақылдан күліп. — Жер әлемді түгел құрсағына түсіретін алып жайын азғана қазақты айналып өтеді. Ежелгі ғұн заманы, одан да арыдан келе жатқан құда-андалы достық, қандас туыстығымыз бар. Жер бетінде жеті миллиард қытай мен жетпіс миллион қазақ қана қалады. Екі-ақ халық!.." Сол кезде Мара да күлген.

Осы көңілді беттері жағаға шықты. Көршіден — дастарқан басында екі еркек қана қалыпты. Оның есесіне тағы екі шипша босаған. Бірі әуелгі қатарда жатыр, екіншісі домалап келіп, жоқ, құм үстінде домаламайды, тура түсіп, бұлардың шатырының астында, төсеніштің шетінде жатыр. Мара байқамады. Алпамыс назар аудармауға тырысты. Теріс қарай бере, өкшесімен ысырып тастады. Аз-маз тамақтанып алайық, содан соң бірер шомып, қайтамыз дескен. Бұл кезде тас төбеден ауған күннің бетін шарбы бұлт басып, кең айдын, алыстағы, басы ақтандақ көгілжім Алатау жақтан таза самал ескен.

Көршілер де тыншыған сияқты. Екі еркек төбелерін түйістіре жаздап, әлдебір маңызды әрі құпия мәселені талқылағандай, бірін-бірі мақтап, достықтарының мәңгілік, берік екеніне аңғтасып, өз беттерінше отыр. Үш әйел бұлар түскен шамадан қиғаштау, жиектен әжептәуір жерде, кеудеден аса бойлап, олар да өлденені талқылап, ара-тұра шалпылдасып, дабырлап жүр. Асқа төбет болмады. Суға да ықылас жоқ. Әрнеден бір дәм татып, азғана сусын ішіп, дастарқанды жинасты. Алпамыс Мараның соңынан, қалған керек-жарағын ыңғайлап, машинаға қарай беттей берген еді. "Ей! — деген дөкір дауыс шықты тағы да. — Қошгаспай кетіп барасыңдар ғой!" "Біз сізбен танысқамыз жоқ!" — деді Алпамыс. "Онда жақынырақ танысайық! — деді сіңірлі ұзынтұра шатқаяқтай орнынан тұрып. — Сен бізді сыйламадың. Достықпен ұсынған арақты ішпедің. Ол аз болғандай, бағана қатаң ескерткенге қарамастан, өзіңнің ашынаңмен ("со своей любовницей") қосылып алып, бізді тағы панаттадың. Мүмкін, мақтаған шығарсың, біз оны қайдан білейік..." "Айтыңыз, айтыңыз, қысылмаңыз..." — деді Алпамыс. "Айтам, — деді ұзынтұра. — Және айтсам, сенен рұқсат сұрамаймын. — Алға қарай бір қадам басты. — Қаншама

рет ескерттік. Иттің тілінде сөйлеме! Адамша, яғни орыс тілінде! Сен әлі ештеңе үйренбеген екенсің. Қайда тұрасың? Ресейде!.." "Сіздің серігіңіз қалай ойлайды? — деді Алпамыс. — Ол да..." "Мен де..." — деді дембелше мойнын бұрып, қабағының астынан түйіле қарап. "Онда сіз де түрегеп, бері, жақынырақ келіңіз, — деді Алпамыс. — Қазір мына досыңызға өте қиын болады..." Дембелше ұлы орыс тіліндегі қуатты қаруға және оның нақты қолданысына қатысты әрі қысқа, әрі белсенді, екпінді сөздерді қатарынан ағытып, екі ұмсынып барып орнынан тұрған. Бірақ табаны нық. Талтаңдай басып үш аттады да, айдын жаққа қарап аз бөгелді. "Мынау маған қиындау болады, — деп ойлады Алпамыс. — Қайсысынан бастасам екен..."

Алпамыс төбелестік спорт түрлерінен чемпион болмағанымен, Ленинградтағы оқудың әуелгі жылында, бірге жататын, жоғарғы курстағы бір баланың жетегімен, ақшалы жасырын жаттығу — каратэден біраз сабақ алған еді. Тым жетілмесе де, таршылық жағдайда өзін қорғай алар дәрежеде. Соның кейбір тәсілдерін іс жүзінде қолданбасқа шара қалмады. Дәл қазір ең қолайлысы — аяқ. Қайсысынан бастаса екен. Жоқ, әуелі іштен қабаттай теуіп, мына сіңірлі ұзынтұраны бүктеп тастау керек. Сосын мығым дембелшенің де бір амалы табылады. Қолына күш жинақтап, аяғын ілгерінді-кейінді тиянақтап, оқыс серпілуге ыңғайлана бергені сол еді, дембел сары ышқына өкірді. Алпамысқа емес, су жаққа. Ол тараптан да үзіле шыңғырған, құмыға бақырған дыбыс жетті. Ұзынтұра да жалт бұрылды. Сонда ғана бір сұмдықтың болғанын аңдап, көз салып еді.

Жаңағы үш қатын жүрген жер тып-типыл. Үшеуі бірдей шым батып кеткен тәрізді. Жоқ, Үшеуі де су бетінде. Бірақ қиғаш және тым әрі. Мастықпен әлдерін білмей, немесе дабырласып жүріп аңдамай, тереңге ұзап кеткен. Енді үшеуі бірдей қалт-құлт етіп, қысқа қолдарымен су сабалап, бір батып, бір шығып, шар-шар етеді. Оған сырттағы екі еркектің дөкір аттаны қосылды. Бұлар әуелгі, аз-маз дағдарыстан соң тұра жүгіріп, жағаға жеткен. Сәлпәл бөгеліп барып, суға жалдаған. Ентелей кешіп барып, құлаштай малтыған. Бірақ қатерлі жерге тақай бере, кеудеден ұрғандай тоқтап еді. "Бері! Бері!.." — деп, ышқына айғайлайды. Қастарына келсе, қолдарынан

суырып алмақ. Бұл кезде мана су шашысып ойнаған кейіпті үш мәтүшке енді шынымен қылқылдай бастап еді. Бір батып, бір шығады. Ойбай-аттан бұрынғыдан үзік, бірақ әлдеқайда ащы, әрі... жиренішті. Алпамыс "Тіфу!.." — деп жерге түкірді де, қайрылмай, жайлап басып, машинаға қарай аяңдады.

Мара да бәрін көріп тұр екен, зәресі үшып кеткен. "Отыр, — деді Алпамыс. — Өме қапсын. Кеттік." Мара дір-дір етіп, есікті әрең ашып, өз орнына — алға емес, артқа отырды. Алпамыс та отырды, қолма-қол машинаға от алдырған. Бірақ жылжып үлгермеді. Манағы, суда жүрген екі мүжық еңкендей басып, еңтіге жүгіріп, сүріне-құлап, олар да жеткен. Бірге аттанатын кісілер тәрізді. Бірақ машинаға мінген жоқ, алдын орай, құшақтап жата кеткен. "Кері шегін, — деді біршама ес жиып қалған Мара. — Тез, тез, кетейік!.." — деді шырылдап. Алпамыс шегінбеді. Моторын өшірмеген қалпы, машинадан түскен. "Не керек сендерге, ұлы орыстар?" "Құтқар! Құтқар!" — десті екеуі қатарынан жамырап. "Өздерің неге құтқармайсындар? Бағана еркін малтып жүргенсіңдер!" "Біз тәсілін білмейміз. Өзіміз де суға кетеміз. Сен — мастер. Суға батқандарды құтқарушы! Әкетайым, көкетайым... Құлың болайық! Христоспен... жоқ, Магомедтің атымен сұраймыз! Сен — қазақсың ғой! Біз — орыс. Бәріміз де кеңестік!.. Халықтар достығы деген қайда? Мәңгілік достық үшін! Кісілік қайда? Жанашырлық қайда? Аясаңшы!.." "Барма! Сен батырған жоқсың! Үшеуін бірдей құтқара алмайсың!" — деп шырылдай жылап келіншегі тұр. Бұл кезде мана су бетінде шалпылдаған үшеудің біреуі ғана қалған еді. Оның өзі үнсіз, бір батып, бір шығып жүр. Алпамыс Мараға: "Қорықпа, мегежіндерді бір-бірлеп суырып шығарам", — деді де, аяғына оратылып жатқан екеудің бірін итеріп, бірін теуіп тастап, машинасын асығыс өшіріп, суға қарай жүгірді.

Ол жеткен кезде су беті теп-тегіс болған. Қос қолдай, серпіле жүзіп барып, сүңгіді. Әжептәуір бөгеліп, бір бүйірден қайта шықты да, дем тартып, ары қарай барып тағы сүңгіді. Келер сәтте арқасынан құшақтай, мойнынан қыса салақтатып алып шықты. Жүгіре жетіп, суда, шұңғыма жиегінде тұрған ұзынтұраға тастады да, құлаштап көрі салды. Бұл жолы әрірек барған. Табаны жалт етіп, тік

сүңгіді. Бірден алып шықты. Сол қолымен қармалап, қырындай жүзіп келеді. Кенет тұзаққа шалынғандай қалт бөгелді. Бұлқына бере, қарына ілінген саржағал қатынмен бірге кеудеден көтерілді. Содан соң "А-а!" — деп, ішегін тарта ышқынды да, шым батты. Екінші қайыра шықпады.

* * *

Бақытсыз Мараның зар қағып, даусы қарлыққанша су жағалап жүгіргенін, екі-үш рет тереңге бойлап, әлденеше рет сүңгіп, ақыры өлі мен тірінің арасында жағаға әрең шыққанын, іші қабыса өксіп, құмға домалап, машинаға бір мініп, бір түсіп, қандай қасірет шеккенін айтпай-ақ қояйын.

Бұл жақта опыр-топыр басталғанда көз көрім жерден ерiне аяндап, немесе желе жүгіріп, ертелі-кеш жеткен бейсауат кісілер, ішінде жүзгіштері де бар екен, ерекше құлшына қоймады. Төбеден малтып, төңіректеуден аспаған. Тым терең, түк көрінбейді дескен. Арада екі-үш сағат өтіп, күн еңкейген шақта дырылдата екпіндеп, көлдің екінші бір жағынан моторлы қайықпен жеткен құтқарушылар да шара таппаған. Және қанағаттанған сыңаймен, енді пайда жоқ деп ақталған. Екі әйел, бір еркек — екі ұлы халық өкілі, бір сорлы халық өкілі суға шым батқан қалпы шыңырауға біржола кеткендей; немесе, ештеңе болмаған, ешкім батпаған тәрізді, ешқандай белгі жоқ. Сонымен, қызара түйіліп сам жамырады, қарауыта тұлданып түн түсті. Екінші күнгі іздеулер де нәтижесіз аяқталды. Жағалау жалтырап жатқанымен, шұңғыма тереңнің түбі — қалың тұнған лай-батпақ көрінеді, әрі өте суық, барлап білудің өзі мүмкін емес десті. Ақыры, үшінші тәулікке озғанда Алматыдан арнайы келген, скафандр киген, қуатты прожектор, тағы басқа жабдығы түгел сүңгуірлер таң бозынан түс ауғанша күмәнді тұсты тұтамып, шаршылап сүзіп, әрең тапты. Бұйралана тұнған, қою, сап-сары балшық үстінде ісінген, боп-боз екі саусақ — Алпамыстың саусағы қылтиып тұр дейді — V — виктория — жеңіс, халықтар достығының салтанаты (деп жазды "Лениншіл жас"). Атаңның басы! Жеңіс болса да сенікі емес, қазақтың нар ұлын ала кеткен екі мәтүшкенің жеңіс-салтанаты. Шынында да. Біреуі мойнына тарс байланған.

Біреуі екі аяқты қырқа құшақтап, берік тұтқан. Өуелгісін көтеріп шыққанда тақау жерден жабысқан ғой. Су түбіне, батпақ астына тартып әкеткен де сол. Әйтпесе... үшеуін де құтқаруы анық екен.

Ал, құтқарды. Не шықты? Дүннені былғап, өзінің аузына, ұрпағының басына сарып, жүре беретін еді. Сол ма виктория? Биік адамгершілік жолындағы жанқияр ерліктің төлемі? Жеңіс емес, қылмыс болар еді. Бірақ... кешірімді, жеңіл қылмыс. Ауыры...

Ауыры — басқа. Ақырғы, нақты нәтижесі. Яғни, итжемедегі мағынасыз өлім.

Кешегі, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса — оқ, шапса қылыш өтпейтін, астана жұрты үшін ғана қайрат көрсеткен алып күшті Алпамыстың бүгінгі оқымысты, білімдар, зиялы ұрпағы... жеке бас, меншікті шаңырақ тұрыпты ғой, ордалы жұртының мүддесінен әлдебір, батыстық, күмәнді қағидаларды жоғары қояды екен. Саналы түрде болмаса да, шынтуайтына келгенде.

Алпамыстың өмірі — өзіне ғана тиесілі емес еді. Қойнындағы жарына, етегіндегі баласына да емес. Бір замандағы асқаралы, айбынды, бүгін тажалдың табанында жанышталып, қор болып отырған кіріптар, кірбең жұртына тиесілі өмір еді. Алпамыс — әлі де жаралмыш бар қасиетінен айрылып бітпеген сол сорлы халықтың ақыл-санасы, күш-қуаты мен ұлы рухы туғызған өзгеше тұлға болатын. Бойындағы ерекше дарын — табиғаттың тегін сыйы емес, қарызға берілген аманаты болатын. Өз бетінше зая қолдануға, қажетсіз тәуекел мен орынсыз қатерге байлауға хақысы жоқ-ты. Рас, оқыды, ізденді, жетілді. Тағы да өзі емес, сол, аманатқа берілген зейін, қабілет арқасында. Енді қарызын өтеп, жеміс беретін мезгіліне жеткен. Дәл сол кезде — құдайға қарсы, қазаққа шет, былғаныш қимылға қадам басты. Әрине, қирауға, күйреуге, барынан түгел айырылып, итжемеде өлуге тиіс еді.

Нәтижесінде... баласының — жетім, әйелінің жесір қалғаны түк емес. Бастаған бар ісі құрдымға кетті. Қазақ рухы, оның тарихи-танымдық санасы тақаудағы қырық жылда оңалмас соққыға жығылды.

Айтпақшы, әйел жылай-жылай көнді. Әкесі айтыпты дейді, бәрібір түзелмейтін еді, мен мына жақты өрен